



OTANDASTAR
QORY

*Қандастар тарапынан жиі
қойылатын сұрақтар бойынша*
АНЫҚТАМА



**Қандастардың атынан жиі қойылатын сұрақтар бойынша
АНЫҚТАМА**

№	Сұрақтың мазмұны	Жауап
1.	Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу	Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін бірінші рет жеке сәйкестендіру нөмірі тіркеу куәлігін, Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін беру кезінде, этникалық қазақтар үшін қандас мәртебесін беру кезінде қалыптастырылады. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру олар Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде және тіркеу органдарына тек жеке өзі жүгінген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басын сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылады. <i>Дереккөз: «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 223 Заңы.</i> <i>«Жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 521 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32942 болып тіркелді</i>
2.	Тұрақты тұруға рұқсат (Ықтиярхат) / «Қандас» мәртебесін алу тәртібінің қысқаша сұлбесі	1.ХҚКО-нан ЭЦП (электрондық цифрлық қолтаңба) алу. 2.eGov порталында телефон нөмірін тіркеу. 3.app.testcenter.kz сайтында қазақ тілінен тест тапсыру (шекті көрсеткіш 70 % бен 100 % аралығында). 4.migration.enbek.kz порталында тіркелу, өтініш беру, сауалнамадан өту (кемінде 600 балл) және сұхбаттан өту. Ықтиярхат (10 жылға, шетелдік паспорттың қолдану мерзіміне дейін) және «Қандас» мәртебесі (5 жылға) Қазақстанның басым 7 өңіріне қоныс аударған

		жағдайда ғана беріледі: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстары. Сұхбаттан өткеннен кейін сізге құжаттарды тұрақты тұруға рұқсат (Ықтиярхат) немесе «Қандас» мәртебесін алу үшін тапсыруға рұқсат беріледі. Қазақстанда тұрақты тіркеуге тұруға рұқсат алу үшін Қазақстанға көшіп келер алдында өзімен бірге тұрғылықты елінен келесі құжаттарды алып келу қажет.: Жеке басын куәландыратын құжат (Шетелдік паспорт); Соттылығының болмауы туралы анықтама; Паспортында немесе туу туралы куәлігінде ұлты көрсетілмеген жағдайда, ұлтын растайтын анықтама; Елден шығу парағы; Төлем қабілеттілігін растайтын құжат (өтініш қаралу кезеңінде банктік шотта кемінде 1320 АЕК болуы және оны 5 жыл бойы жыл сайын растау); Моңғолия, Қытай елдерінен құжаттарын апостильденген түрде әкелуі қажет.
3.	Бейімдеу және ықпалдастыру орталығына жолдама алу	Қазіргі уақытта «Қандастарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» мемлекеттік мекемелері Қарағанды, Шымкент қалаларында және Түркістан облысы Сайрам ауданының Ақсукеңт ауылында жұмыс істейді және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Сондай ақ, Павлодар облысында Қандастарды уақытша бейімдеу орталығы қызмет атқарады. Орталыққа жолдама алу үшін, «Қандас» мәртебесін алып, Мансап орталығына өтінішпен жүгінуі қажет. <i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 331-ө-м бұйрығына қосымша»</i>
4.	Бейімдеу және ықпалдастыру орталығы ұсынатын қызметтер	Орталықта уақытша негізде тұру үшін қандастар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері тегін орналастырылады. Орталықта қандастардың қоғамға тезірек бейімделуі мен ықпалдасуына бағытталған жағдайлар жасалады. Орталықта тегін тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне мынадай қызметтер көрсетіледі: 1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер ұсыну; 2) аударма бойынша қызмет көрсету;

		3) жұмысқа орналастыруда, кәсіптік даярлауда, қайта даярлауда және біліктілікті арттыруда көмек; 4) Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі жөнінде, заңнама негіздері және шағын бизнес ашу бойынша оқыту курстарын өткізу; 5) әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізу; 6) құқықтық қызмет көрсету (тіркелуге, «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруге, азаматтық, әлеуметтік жәрдемақылар алуға кеңестер, консультациялар беру және көмек көрсету);; 7) Қазақстан азаматтығын алу және құжаттандыру мәселелеріне жәрдемдесу; 8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін; 9) қазақ және орыс тілдерін оқыту; 10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жәрдемдесу. Орталыққа орналастыру және ол жерде қандастарды ұстау Қазақстан Республикасының медициналық қамсыздандыру, санитарлық саулық, сәулеттік реттеу, құрылыс саласы, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық салаларының талаптарына сай болуы тиіс. Орталық қандастарды оқыту үшін қажетті әдістемелік құралдар мен материалдық-техникалық жабдықтармен қамсыздандырылады. <i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 330-ө-м бұйрығы</i>
5.	Қытай Халық Республикасынан қоныс аударушы қандастардың құжаттарын апостильдеу тәртібі	Қазақстанда тұрақты тұруға және азаматтықты алуға ҚХР-дан шықпас бұрын, құжаттарды алдын ала апостильдеу керек. 2023 жылғы Қытай Халық Республикасы Гаагада жасалған Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талабын жоятын Конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) қосылды. Конвенция ҚХР-ға қатысты 2023 жылғы қараша айында күшіне енді.

		Конвенция күшіне енген сәттен бастап Қытайдың Қазақстанда пайдалану үшін беретін ресми құжаттары бұдан былай консулдық заңдастыру рәсімінен өтпейді, оның орнына Қытайда қосымша сертификаттар (апостиль) берілетін болады. Сертификаттар (апостиль) оған елтаңбалы күміс түсті мөр бекітілген жапсырма түрінде ресімделеді (жапсырма және мөр форматы қоса берілген). Қытайда сертификаттар (апостиль) беру бойынша уәкілетті орган - Сыртқы істер министрлігі болып табылады. Қытайдың орталық үкіметіне тікелей бағынатын тиісті провинциялардан, автономиялық аудандардан және муниципалитеттерден тыс, Сыртқы Істер Министрлігі және муниципалды халық үкіметінің кейбір сыртқы істер кеңселері өздерінің әкімшілік аудандарында берілген ресми құжаттарға сертификаттар (апостиль) бере алады. Сонымен қатар, Қытай үкіметі сертификаттарды тексерудің қосымша тетігін жасады. ҚХР СІМ және жергілікті Сыртқы істер кеңселері берген қосымша сертификаттар (апостиль) арнайы сайт арқылы тексерілуі мүмкін: https://consular.mfa.gov.cn/VERIFY/. <i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/documents/details/545229?lang=kk</i>
6.	Моңғолиядан қоныс аударушы қандастардың құжаттарын апостильдеу тәртібі	Қазақстанда тұрақты тұруға және азаматтықты алуға Моңғолиядан шықпас бұрын, құжаттарды алдын ала апостильдеу керек. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шетел мемлекеттерінен келген азаматтардың құжаттарын міндетті түрде заңдастырылған (легализацияланған) кезде ғана қабылдайды. Моңғолия елінің азаматтары Гаага конвенциясына сәйкес, құжаттарына апостиль қойдырып алып келген жағдайда, қайтадан заңдастыру (легализациялау) талап етілмейді. Қазақстанға қоныс аударар алдында барлық құжаттарға (туу туралы куәлігі, неке куәлігі, соттылығы жоқ деген анықтама) міндетті түрде апостиль қойдырып алу қажет. Болмаған жағдайда, Қазақстанға келгенде құжаттарыңызды Моңғолия

		Елшілігіне барып растап, одан кейін ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызметінде заңдастыру қажет.
7.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен 2026 жылы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы 2281 адамға белгіленді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен қандастарды қабылдаудың 2026 жылға арналған өңірлік квотасы 2281 адамға бөлінді. 2026 жылы өңірлік квота облыстар бойынша төмендегідей бөлінеді: 1. Абай облысы - 264; 2. Ақмола облысы - 285; 3. СҚО - 200; 4. Ұлытау - 155; 5. Қостанай облысы - 200; 6. Павлодар облысы - 977; 7. ШҚО - 200. Қандастардың тіркелген мекен-жайы: ШҚО, Павлодар, Ақмола, Абай, СҚО, Қостанай облыстарының бірінде болса, өңірлік квотаға ене алады. <i>Дереккөз: «Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2026 жылға арналған өңірлік квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 401 бұйрығы</i>
8.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына ену үшін қандай құжаттар тапсырылады?	Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген, қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар «Migration.enbek.kz» порталы, тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ

		немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш береді. <i>Өтінішке қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен мынадай құжаттар қоса беріледі:</i> 1) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) оның ішінде Цифрлық құжаттар сервисінен; 2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса); 3) туу туралы куәлігі (бар болса). Жергілікті атқарушы орган, өңірлік квотаға енгізу туралы өтініш білдіруші қандастардың тізімін қалыптастырады және өтініштерді алған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға жолдайды. Комиссия өтініш білдірушілердің тізімдерін алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Жергілікті атқарушы орган күнтізбелік 5 күн ішінде өтініш берушіге қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгені туралы шешімді жолдайды. <i>Дереккөз: Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығы.</i>
9.	Өңірлік квотаға енгізілген қандастардың мемлекет тарапынан берілетін төлемақыларды алу тәртібі	Өңірлік квотаға енгізілген қандастардың көшу шығыстарын өтеу мақсатында бір рет отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде қаржылай көмек беріледі. Сонымен қатар, тұрғын үйді жалдау (<i>жалға алу</i>) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу ай сайын, он екі айдан көп емес тұрғын үй алғанға дейін мынадай мөлшерлерде өтеледі: 1) қалалық жерлерге қоныс аударғандар үшін: - бір адам үшін 20 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 25 АЕК мөлшерінде;

		- отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 30 АЕК мөлшерінде төленеді; 2) ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін: - бір адам үшін 15 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 21 АЕК мөлшерінде төленеді. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы Комиссияның шешімі шыққаннан кейін, олар Жұмыспен қамту орталығына төлемдерді алу үшін белгіленген нысандағы өтінішті толтырып, жүгінуі қажет. 2026 жылға бір АЕК - 4325 теңгені құрайды.. Дереккөз: Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Респ убликасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығы
10.	Қандас мәртебесін беруден және ұзартудан және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту	Жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін беруден және ұзартудан және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден мынадай негіздер бойынша бас тартады: 1) Ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау. 2) Этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген аумақтық-әкімшілік бірлікте қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы. Дереккөз: Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 223-VII ҚРЗ
11.	Тұрғын үй алу үшін экономикалық ұтқырлық сертификатын рәсімдеу	Экономикалық ұтқырлық сертификаты - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шеңберінде тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу, тұрғын үйді сатып алу және салу үшін ақшалай төлем ретіндегі материалдық көмек.

		Экономикалық мобильділік сертификаты отбасына, тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде, бірақ 1 625 (7 028 125 теңге) АЕК-тен аспайтын мөлшерде беріледі. Егер тұрғын үйдің құны экономикалық мобильділік сертификатының мөлшерінен аспайтын болса, ақшалай төлем сатып алынатын тұрғын үйдің нақты бағалау құны мөлшерінде жүргізіледі. Экономикалық мобильділік сертификаты бойынша төлеу үшін еңбек мобильділігі орталығы қандастар мен қоныс аударушыларды мынадай санаттар бойынша саралайды: 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қандастар үшін өңірлерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмыс істейтіндер; 2) отбасы құрамында өтініш берушімен тұрақты бірге тұратын еңбекке қабілетті жастағы отбасы мүшелері бар; 3) отбасы құрамында өтініш берушімен тұрақты бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары не жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалары бар, олар он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітірген уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін); 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде қандастар үшін дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратындар. Экономикалық мобильділік сертификатын алу үшін қандастар өтінішті "Migration.enbek.kz" порталы арқылы мыналарды: 1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган берген қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімді; 2) екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық тұрғын үй несиелері бойынша тұрғын үй сатып алу жағдайында қарызды беруді мақұлдауы; 3) екінші деңгейдегі банктегі тұрғын үй қарыз шарты бойынша екінші деңгейдегі банкте сатушының немесе қарыз алушының ағымдағы шоттарын;
--	--	--

		4) сатып алынатын жылжымайтын мүліктің сатып алу-сату шартының және бағалау актісінің көшірмелері; 5) өтініш берушінің жаңа тұрғылықты жері бойынша еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып тапсырады. Жеке басын куәландыратын құжаттар, көрсетілетін қызметті алушы мен отбасы мүшелері қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгенге дейін өтініш берушіде және оның отбасы мүшелерінде қоныстандыру өңірлерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының жаңа тұрғылықты жеріндегі еңбек қызметін растайтын құжатты көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерден алады. Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде көрсетілетін қызметті алушы заңмен қорғалатын құпия құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, бұл мәліметтер ақпараттық жүйелерде сақталады. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді. Қандас немесе қоныс аударушының жылжымайтын мүлікті жұбайынан (зайыбынан) және өзінің жақын туыстарынан, сондай-ақ алушының (өтініш берушінің) жұбайының (зайыбының) жақын туыстарынан сатып алуына экономикалық мобильділік сертификатын пайдалануға жол берілмейді. Экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып, меншікке ресімделген жылжымайтын мүлікті 5 (бес) жыл ішінде сатуға жол берілмейді. Мансап орталықтары құжаттардың көшірмелерінің сапасын және олардың негізгі талаптар тізбесіне сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, қандастардың экономикалық мобильділік сертификатын беру туралы өтініштері мен құжаттарын тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ қандас ұсынған экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісі бойынша құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы тұрғысынан және үш жұмыс күні ішінде салыстырып тексеруді жүзеге асырады, өтініш тіркелген күннен бастап қандастың немесе
--	--	--

	қоныс аударушының экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы өтінішін еңбек мобильділігі орталығына қарау үшін жібереді. Экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісі туралы ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы тұрғысынан қосымша салыстыру мансап орталығы маманының мәміле объектісіне оны толық және мұқият тексеру үшін шығуын жүргізу туралы еңбек мобильділігі орталығының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Мансап орталығы экономикалық мобильділік сертификатын пайдалана отырып сатып алынатын жылжымайтын мүлік объектісін толық және мұқият қарап шыққаннан кейін фото және видео материалдармен қоса қорытынды ұсынады және оларды еңбек мобильділігі орталығына жібереді. Бағалау туралы есепте белгіленген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құнының дұрыстығына қатысты дау туындаған жағдайда, соның ішінде осы объект бойынша өзге бағалау туралы есебінің болуына байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау туралы есепке сараптама жүргізілуі мүмкін. Бағалау туралы есепке қорытынды берген бағалаушылар палатасы мен осы есепке дау білдірген тұлғаның арасындағы даулар сот тәртібімен қаралады. Материалдық көмек экономикалық мобильділік сертификатын алу үшін өтініш берілген жағдайларды қоспағанда, өңірлік квотаға енгізілген сәттен бастап алты ай мерзімнен кешіктірмей өтініш берілген жағдайда беріледі. Экономикалық мобильділік сертификатын беруге өтініш тиісті қаржы жылы ішінде беріледі. <i>Дереккөз: Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32880 болып тіркелді.</i>
--	---

12.	Қазақстан Республикасына келушілердің елімізде болуының рұқсат етілген мерзімі	Егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен жасаған келісімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше тәртіп белгілемесе, Қазақстан Республикасына виза алуды талап етпейтін тәртіппен келген көшіп келушілер үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн, күнтізбелік 180 күннің ішінде барлығы күнтізбелік 90 күн толған соң келген еліне қайтуы керек. Ал, қайтадан Қазақстанға келуі үшін өз елінде 90 күн өткізуі керек. <i>Дереккөз: Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысы.</i>
13.	«Ата жолы» картасы туралы	«Ата жолы» картасы – халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бизнес-көшіп келушілерге не этникалық қазақтар қатарынан талап етілген кәсіптері бар адамдарға он жылға дейінгі мерзімге, бірақ азаматтығы бар ел паспортының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге берілетін, белгіленген нысандағы құжат Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін «Ата жолы» картасын ұсынудың мақсаты-қазақтардың мәдени мұрасы мен тілінің, тарихының, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, сондай-ақ туыстық, этникалық және тілдік құндылықтарының ортақтығын қолдау. «Ата жолы» картасы келесі санаттардың біріне сәйкес ұсынылады: 1) «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесін және қойылатын талаптарды бекіту туралы» Жарлықта (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001587) көрсетілген мамандық иелеріне; 2) «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын

		бекіту туралы» бұйрыққа (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031938) сәйкес талап етілетін кәсіп иелеріне; 3) тұрақты тұратын немесе азаматтығы бар елде тіркелген және жұмыс істеп тұрған бизнесі бар азаматтарға. <i>Дереккөз: Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін «Ата жолы» картасын ұсыну қағидаларын бекіту туралы</i> <i>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 30 маусымдағы № 280 бұйрығы</i>
14.	«Ата жолы» картасын алуға қажетті құжаттар тізбесі	«Ата жолы» картасын алу үшін «Migration.enbek.kz» порталы немесе мобильді қосымшасы арқылы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға өтінішпен жүгіну қажет. Өтінішпен қоса төмендегі құжаттарды ұсынады: - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінің нотариалды куәландырылған аудармасы; - ҚР азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін немесе шетелдіктердің ҚР тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесіне сәйкес келетін мамандығын дәлелдейтін диплом мен сертификаттар және азаматтығы бар елде жұмыс істеп тұрған бизнесін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған аудармасы; - жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлты жазылмаған жағдайда, этникалық қазақтар шыққан елдің арнаулы органдарынан алынған ұлтын растайтын ресми анықтамалық құжат. <i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 30 маусымдағы № 280 бұйрығы</i>
15.	Ұлты қазақ екенін қалай дәлелдеуге болады?	Егер жеке басын куәландыратын құжаттарында, басқа да құжаттарда ұлты жайлы тиісті жазба болмаған жағдайда, қандас мәртебесін және жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдар ұлты қазақ екенін келесі тәртіппен дәлелдей алады. Еркін нысанда жазылған өмірбаянын және тұрақты тұратын елдің шетелдік паспортының көшірмесін қоса бере отырып, «Migration.enbek.kz» порталы, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті

		атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі арқылы Өтініш береді. Жергілікті атқарушы орган өтініш келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде өтінішті Комиссияның қарауына жібереді. Қандас мәртебесін және Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың қазақ ұлтына тиесілігін анықтау жөніндегі комиссия мынадай алгоритм бойынша жүзеге асырады: 1) үміткердің қазақ ұлтына жататынын растайтын жеке басын куәландыратын құжаттардан басқа өзге де құжаттарды қарау; 2) адамға өзін этникалық қазақ ретінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілін, салт-дәстүрлерін, мәдениетін, туыстығын және басқа да факторларды білуге бағытталған бетпе-бет не онлайн форматта әңгімелесу өткізу; 3) алынған ақпаратты талдау және бағалау; 4) Қазақ ұлтына жататындығын айқындау не айқындаудан бас тарту туралы ұсыным. Қазақ ұлтына жататынын айқындау мақсатында өтініш беруші қосымша туу туралы куәлікті, ата-анасының туу туралы куәлігін, ата-бабаларының Қазақстан аумағында тұруы туралы архивтік анықтамаларды, неке туралы куәлікті және үміткердің қазақ ұлтына жататынын растайтын басқа да құжаттар ұсына алады. Ата-аналарының ұлты әртүрлі кезінде, өтініш беруші «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабының 2-тармағына сәйкес өзінің қай ұлтқа жататынын айқындайды және көрсетеді. Қазақ ұлтына жататынын айқындау не айқындаудан бас тарту туралы ұсынымды Комиссия үш жұмыс күні ішінде ашық дауыс беру жолымен қабылдайды және қатысушылардың кемінде үштен екісінің оң дауыс берген кезде қабылданды деп есептеледі. Егер жаңа мән-жайлар анықталған және растайтын жаңа құжаттар анықталған кезінде, қазақ ұлтын белгілеуге үміткер қайта өтініш беруіне болады. <u>Дереккөз:</u> Жеке басын куәландыратын құжаттарда, сондай-ақ үміткерлердің ұлтын растайтын басқа да құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда, қандас мәртебесін
--	--	--

		және жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 282 бұйрығы.																																
16.	Мамандығы бойынша жұмыс табылмаған жағдайда не істеу керек?	Тұрақты тіркеуге тұрғаннан кейін қала, аудандағы Мансап орталықтарына басқа мамандықтар бойынша қайта оқытудан тегін өтуге жазылып, жаңа мамандықты игеру мүмкіндігі бар.																																
17.	Шетелдік азаматтарға Қазақстанға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы медициналық анықтамасы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №664 бұйрығымен бекітілген Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын ауруларға тексерілу үшін өңірлер бойынша жүгінетін мекемелердің мекен-жайы: <table><tr><th>№</th><th>Аурулар тізбесі</th><th>Тексерілу мекен-жайы</th><th>Қатынайтын қоғамдық көліктер</th></tr><tr><td colspan="4">Астана қаласы</td></tr><tr><td>1</td><td>Нашақорлық</td><td>Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7</td><td>№12,40,51 автобустар</td></tr><tr><td>2</td><td>Психикалық бұзылу (ауру)</td><td>Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7</td><td>№12,40,51 автобустар</td></tr><tr><td>3</td><td>Туберкулез</td><td>Астана қаласы, Шевченко көш. 1, №4 қалалық Емхана</td><td>№12,54,21, 46,50,32,53 автобустар</td></tr><tr><td>4</td><td>Лепра (Гансен ауруы)</td><td>Астана қаласы, Республика көш. 50/2</td><td>№70,37,10, 3,4,19 автобустар</td></tr><tr><td>5</td><td>Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид</td><td>Астана қаласы, Республика көш. 50/2</td><td>№70,37,10, 3,4,19 автобустар</td></tr><tr><td>6</td><td>ЖИТС (СПИД)</td><td>Астана қаласы, Есенберлин көш. 5/1</td><td>№12,10,21, 37 автобустар</td></tr></table>	№	Аурулар тізбесі	Тексерілу мекен-жайы	Қатынайтын қоғамдық көліктер	Астана қаласы				1	Нашақорлық	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар	2	Психикалық бұзылу (ауру)	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар	3	Туберкулез	Астана қаласы, Шевченко көш. 1, №4 қалалық Емхана	№12,54,21, 46,50,32,53 автобустар	4	Лепра (Гансен ауруы)	Астана қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар	5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Астана қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар	6	ЖИТС (СПИД)	Астана қаласы, Есенберлин көш. 5/1	№12,10,21, 37 автобустар
№	Аурулар тізбесі	Тексерілу мекен-жайы	Қатынайтын қоғамдық көліктер																															
Астана қаласы																																		
1	Нашақорлық	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар																															
2	Психикалық бұзылу (ауру)	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар																															
3	Туберкулез	Астана қаласы, Шевченко көш. 1, №4 қалалық Емхана	№12,54,21, 46,50,32,53 автобустар																															
4	Лепра (Гансен ауруы)	Астана қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар																															
5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Астана қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар																															
6	ЖИТС (СПИД)	Астана қаласы, Есенберлин көш. 5/1	№12,10,21, 37 автобустар																															

			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Астана қаласы, Манас көш. 22/3	№51,15,28, 60,61 автобустар
			Алматы қаласы			
			1	Нашарқорлық	Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 10 үй.	№22,№40,№112,№126 автобустар
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Алматы қаласы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 үй.	№18 және №135 автобустар
			3	Туберкулез	Алматы қаласы, Бекхожин көшесі, 5 үй.	№48,№65,№66,№99,№120,№121 автобустар және метрополитен
			4	Лепра (Гансен ауру)	Алматы қаласы, Манас көшесі 65.	№ 18, 80, 123 автобустар
			5	Жыныс жолдары арқылы берілетін жұқпалы инфекциялық аурулар (ЖЖБИ) мерез, мерез лимфогранулемасы, донованоз, шакроид	Алматы қаласы, Манас көшесі, 65 үй.	№123,№121,№95, №65,№66,№22 автобустар.
			6	ЖИТС (СПИД)	Алматы қаласы, Басенов көшесі, 2 үй, 4 пәтер	№123,№56,№98 ,№18,№30,№113 автобустар
			7	Жіті жұқпалы вирусты инфекциялық аурулар (ЖРВИ) ((тыныс ағзаларының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа)).	Алматы қаласы, Байзакова көшесі, 295 үй.	№123,№34,№18, №112 автобустар және метрополитен
			Алматы облысы			
			1	Нашақорлық	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 97	№ 22,40,112 автобустар

			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Талдықорған қаласы, Ескелді би көшесі, 224. Тел 8728256258	№ 18, 113 автобустар
			3	Туберкулез	Талғар ауданы, Шымбұлақ селосы, Сатбаев көшесі, 100 87277442255	№ 1, 29, 47 автобустар
			4	Лепра (Гансен ауруы)	Алматы қаласы, Демченко көшесі, 83 (Облыстық центр)	№ 11, 69, 113
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Алматы қаласы, Демченко көшесі, 83 (Облыстық центр)	№ 11, 69, 113
			6	ЖИТС (СПИД)	Алматы қаласы, Орманов көшесі, 17а (Облыстық центр)	№ 60, 201, 118, 16, 25, 22
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 243. (Облыстық центр)	№ 44, 66, 98, 112, 123 автобустар
			Ақмола облысы			
			1	Нашақорлық	Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 36	№1, 8, 14 автобустар
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 36	№1, 8, 14 автобустар
			3	Туберкулез	Көкшетау қаласы, Айыртау тас жолы	№17 автобус
			4	Лепра (Гансенауруы)	Көкшетау қаласы, Сабатаев көшесі, 1 (Тері-венерологиялық диспансері)	№1, 8, 21, 7 автобустар

			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29	№1, 8, 14, 5, автобустар
			6	ЖИТС (СПИД)	Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29	№1, 8, 14, 5, автобустар
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Аурухана қалашығы	Қала аралық автобустар қатынайды
			Шығыс Қазақстан облысы			
			1	Нашақорлық	Мызы көшесі 1/1	42,46,42,246, 42 автобустар, 1,3 трамвай;
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Қаныш Сатпаев көшесі 1	60,46,260,17,33 автобустар;
			3	Туберкулез	Буров көшесі 61 Әуезов көшесі 18	46,42,3,55,262, 260,33,19,6 автобустар;
			4	Лепра (Гансен ауруы)	Н.Назарбаев даңғылы 17	12,1,3,19,60,260 автобустар;
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Өтепов көшесі 39	46,60,17 автобустар
			6	ЖИТС (СПИД)	Бурова көшесі 39	46,42,3,246;
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық	Н.Назарбаев даңғылы 17	12,1,3,19,60,260 автобустар;

				инфекциясынан) және грипптан басқа).		
			Қарағанды облысы			
			1	Нашақорлық	Қарағанды қаласы , Муканова 35,	8(7212)34-70-42
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Қарағанды қаласы , Гастелло 23	8(7212)51-26-59
			3	Туберкулез	Қарағанды қаласы, Сәкен Сейфуллин 19	8(7212)41-69-34
			4	Лепра(Гансен ауруы)	Қарағанды қаласы, Шахтеров 81	8(7212)50-79-09
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)-мерез,лимфогранулемас ы(донованоз)шанкроид	Қарағанды қаласы , Архитектурная 32	8(7212)50-71-23
			6	ЖИТС (СПИД)	Қарағанды қаласы , Анжерская 37	8(7212)44-15-50
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа)	Қарағанды қаласы , Охотская 2а, к1	8(7212)50-71-23
			Павлодар облысы			
			1	Нашақорлық	Павлодар қаласы, Ростовская көш. 50 үй	№ 2 және 40 автобустар № 3, 003, 115, 151, 7 және 111 маршруттар
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Павлодар қаласы, Усолка көш. 42	№ 1, 003 және 153маршруттар

			3	Туберкулез <i>/Флюромен бару керек/</i>	Павлодар қаласы, Қамзин көш.275,	№ 9 және 27 автобустар № 152 маршрут
			4	Лепра (Гансенауруы)	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66 үй және Салтыкова-Щедрина63к А	№ 1, 40, 42 автобус № 3, 7, 16, 003, 126, 111 және 151 маршруттар
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66 және Салтыкова-Щедрина63к А	
			6	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66	
			7	ЖИТС (СПИД)	Павлодар қаласы, Ак.Бектұров көш. 50	№126 автобустар
			8	Қорытынды	Павлодар қаласы, Қамзин көш. 5 үй №5 емхана	№9, автобустар
			Солтүстік Қазақстан облысы			
			1.	Нашақорлық	Петропавл қаласы 2-ші Кирпичная көш. 6 үй	9
			2.	Психикалық бұзылу (ауру)	Петропавл қаласы Рижская көш. 6 үй	2
			3.	Тубеккулез <i>(флюорографиямен бару керек)</i>	Петропавл қаласы 4-ші Линия көш. 2 үй	9
			4.	Лепра (Гансенауруы)	Петропавл қаласы Интернациональная көш. 90 үй	9,2,24

			5.	Жыныс жолдармен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)-мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид		
			6	Жітті инфекциялық аурулар (жітті респираторлық вирустық инфекциясы тыныс органдарының жітті вирустық инфекциясынан және грипптан басқа)	Петропавл қаласы Васильева көш. 123 үй	2
			7	ЖИТС (СПИД)	Петропавл қаласы 2-ші Кирпичная көш. 6 үй	9
			8	Қорытынды 1 дана сүрет 3*4	Петропавл қаласы Васильева көш. 123 үй	2
			Маңғыстау облысы			
			1	Нашақорлық	Ақтау қаласы, Больничный городок №1, 14 үй	№3 автобус
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
			3	Туберкулез	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
			4	Лепра (Гансен ауруы)	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 26 үй	№2,3 автобустар
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 26 үй	№2,3 автобустар
			6	ЖИТС (СПИД)	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 170 үй	№2,3 автобустар
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус

		<table><tr><td></td><td>органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).</td><td></td><td></td></tr><tr><td colspan="4">Жамбыл облысы</td></tr><tr><td>1</td><td>Нашақорлық</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99</td><td>№36 автобус</td></tr><tr><td>2</td><td>Психикалық бұзылу (ауру)</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99</td><td>№36 автобус</td></tr><tr><td>3</td><td>Туберкулез</td><td>Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а</td><td>№6, 11, 12 автобус</td></tr><tr><td>4</td><td>Лепра (Гансен ауруы)</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153</td><td>№11,36 автобустар</td></tr><tr><td>5</td><td>Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153</td><td>№11,36 автобустар</td></tr><tr><td>6</td><td>ЖИТС (СПИД)</td><td>Тараз қаласы, Төле би №64</td><td>№7, 23, 29, 30 автобустар</td></tr><tr><td>7</td><td>Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153</td><td>№11,36 автобус</td></tr></table>		органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).			Жамбыл облысы				1	Нашақорлық	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус	2	Психикалық бұзылу (ауру)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус	3	Туберкулез	Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а	№6, 11, 12 автобус	4	Лепра (Гансен ауруы)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар	5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар	6	ЖИТС (СПИД)	Тараз қаласы, Төле би №64	№7, 23, 29, 30 автобустар	7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобус
	органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).																																					
Жамбыл облысы																																						
1	Нашақорлық	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус																																			
2	Психикалық бұзылу (ауру)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус																																			
3	Туберкулез	Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а	№6, 11, 12 автобус																																			
4	Лепра (Гансен ауруы)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар																																			
5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар																																			
6	ЖИТС (СПИД)	Тараз қаласы, Төле би №64	№7, 23, 29, 30 автобустар																																			
7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобус																																			
18.	Құжаттарының жарамды уақыты өтіп кетуі	Ұлттық паспортының көшірмесі және түпнұсқасы, азаматтығы жоқ адамның құжаттарының жарамдылық мерзімі өтініш берген күні күнтізбелік 180 күннен аспауы тиіс. Егер де 180 күннен асып кетсе, келген еліннің елшілігіне барып, созыдыруға өтініш беру керек.																																				

		<i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>
19.	Құжаттарын жоғалтуы	Қандас егерде құжаттарын жоғалтса, тұрғылықты жері бойынша ПМ-нің полиция бөлімшесіне жүгінеді. Сондай ақ, шетелдік құжаттарын қайта рәсімдеу үшін, Қазақстан Республикасында орналасқан көшіп келген елінің елшілігіне барып, өтініш береді.
20.	Қазақстан Республикасында «ықтиярхат» және «Қандас» мәртебесін рәсімдеу бойынша қандай өзгерістер енгізілді	«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» және «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша пилоттық жобаны іске қосу және іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 41, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 60 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 47 бірлескен бұйрығының негізінде Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында көшіп келушілер мемлекеттік көрсетілетін қызметтері migration.enbek.kz платформасында тестілеу, сауалнама жүргізу және талап ету жері бойынша әңгімелесу өткізу арқылы жүзеге асады. Пилоттық жоба Қазақстанға тұрақты тұруға көшіп келушілерге, оның ішінде этникалық қазақтарға қатысты тестілеу, сауалнама жүргізу және әңгімелесу өткізудің бірыңғай тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға және қандас мәртебесін алуға үміткер адамдарға қолданылатын, алдын ала айқындалған өлшемшарттар бойынша балдарды автоматты түрде беру негізінде жүзеге асырылатын бес кезеңнен тұратын цифрлық бағалауды қамтиды. Соңғы өзгерістерге сәйкес, бұл нормалар, еңбек қызметін жүзеге асыру, бизнес-иммиграция, инвесторлық және туристік қызметті жүзеге асыру, білім алу, гуманитарлық және саяси себептермен Қазақстан Республикасына келетін

		шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне, кәмелетке толмағандарға, әрекетке қабілетсіз адамдарға, бұрынғы қандастарға, отбасын біріктіру мақсатында келген алпыс жастан асқан адамдарға (ата-аналарға), сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірі Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында танылатын неке қиылғанына кемінде бір жыл болған ерлі-зайыптыларды біріктіру мақсатында келген адамдарға қолданылмайды. Бес кезеңнен тұратын цифрлық бағалаудың жалпы мерзімі өтініш берушінің сауалнамасы келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайды.
21.	Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін тестілеу өту тәртібі	Қазақстанға тұрақты тұруға, оның ішінде қандас мәртебесін алу үшін көшіп келушілерге қазақ тілін білуін анықтауға арналған ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу ҚАЗТЕСТ цифрлық жүйесі арқылы онлайн форматта өткізіледі. Қазақ тілін білуді бағалау онлайн форматта өткізіледі. Тестілеудің ұзақтығы – 1 сағат 10 минут. Тестілеу бір дұрыс жауабы бар 60 тапсырмадан тұратын мынадай блоктарды қамтиды: Тыңдалым – 20 тапсырма (20 минут); Оқылым – 40 тапсырма (50 минут). ҚАЗТЕСТ тестілеуіне өтініштерді қабылдау «Ұлттық тестілеу орталығы» app.testcenter.kz интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі — ҰТО). Өтініш беру кезінде тестіленуші тұлғаны сәйкестендіру үшін фотосурет қоса тіркелуі қажет. ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өту қызметі үшін төлемі тестілеуге тіркеу жүйесінде көзделген электрондық төлем жүйелері арқылы онлайн режимде тек қана қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады. Онлайн төлем сәтті аяқталғаннан кейін қалыптастырылатын төлем туралы мәліметтерді (тапсырыс нөмірі және басқа деректер) қамтитын электрондық түбіртек төлем жасалғанын растау құжаты болып табылады.

		ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өту кезінде оқу-әдістемелік әдебиеттерді, фотоаппаратты, ақпаратты беру функциясы бар кез келген мобильді байланыс құралдарын (пейджерлер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер)), сондай-ақ радиоэлектрондық байланыстың кез келген түрін (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), DECT (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), смарт-сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және өзге де құралдар), шпаргалкаларды пайдалануға тыйым салынады. Мүгедекті бар адамдар ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өтуге өтініш берген кезде жеке көмекшінің немесе ымдау тілі маманының қызметін пайдалану қажеттігін көрсетеді, және де оларға 40 (қырық) минут қосымша уақыт беріледі. Тестілеу нәтижелері тестілеу өткізілген күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылады. Тестілеу қорытындысы бойынша көшіп келушілер үшін қазақ тілін меңгергенін растайтын онлайн-диагностикалық тестілеуі бойынша сертификат алу үшін әр блок бойынша 70%-дан 100%-ға дейінгі нәтижеге қол жеткізу талап етіледі. Әр блок бойынша дұрыс жауаптардың 70%-дан төмен шекті балын еңсерген адамдарға анықтама беріледі. Шекті көрсеткішінен төмен нәтижесін алған жағдайда, соңғы тестілеу өткен күннен бастап есептелетін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тестілеуден қайта өтуге екі реттен артық емес мүмкіндік беріледі.
22.	Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін сауалнама жүргізу	ҚАЗТЕСТ тестілеуінен сәтті өткенін растайтын қазақ тілін білу туралы сертификаты бар өтініш беруші белгіленген нысан бойынша Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін көшіп келушілерге арналған сауалнаманы электрондық форматта толтырады. Сауалнаманы толтыруды өтініш беруші өзі таңдаған қазақ немесе орыс тілінде жеке түрде жүзеге асырады. Сауалнаманы толтыру кезінде өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін растайды, бұл өтінішті одан әрі қарау үшін міндетті шарт болып

		табылады. Сауалнаманы толтыру кезінде өтініш беруші сауалнамада көрсетілген әрбір тиісті бөлімге (мәліметке) растайтын құжаттарды (болған жағдайда) қоса тіркейді, енгізілген деректердің дұрыстығы мен шынайылығын растайды және сауалнаманы электрондық форматта жолдайды. Сауалнама тексеру нәтижелері бойынша оған бірегей тіркеу нөмірі беріледі, содан кейін ол порталда иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесіне сәйкес автоматтандырылған өңдеуге жіберіледі. Өңдеу барысында өтініш берушіге және оның отбасы (болған жағдайда) мүшелеріне қатысты балдарды есептеу жүзеге асырылады, оның қорытындысы бойынша өтінімді қараудың алдын ала нәтижесі қалыптастырылады. Белгіленген өту балына қол жеткізілген жағдайда өтініш берушінің порталында мынадай мазмұндағы хабарлама көрсетіледі: «Сіз өту балын жинадыңыз. Өтініміңіз жұмысқа қабылданды және уәкілетті органның қарауына жіберілді». Өту балына қол жеткізілмеген жағдайда өтініш берушіге «Бағалау нәтижелері бойынша өту балына қол жеткізілмеді. Осы кезеңде өтінім уәкілетті органның қарауына жіберілмейді» деген бас тарту туралы хабарлама көрсетіледі, онда сауалнаманы қайта тапсыру мүмкіндігі мен мерзімдері көрсетіледі. Сауалнаманы қайта толтыруға келесі мерзімдерде жол беріледі: 1) 1 айдан кейін - бірінші қайталау; 2) 3 айдан кейін - екінші қайталау; 3) әрбір кейінгі жүгінуге алдыңғы берілген күннен бастап 6 айдан ерте емес рұқсат етіледі.
23.	Сауалнама нәтижелерін есептеу тәртібі	Иммиграциялық әлеуетті өлшемшарттық бағалау жүйесі халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаған өлшемшарттар жиынтығы бойынша өтініш берушінің профилін автоматты түрде бағалауды білдіреді. Әрбір өлшемшарттың маңыздылығын көрсететін белгіленген салмағы (балдық коэффициенті) болады. өлшемшарт сипаттамасы: 1) демографиялық көрсеткіш (ДК):

		Ұпай диапазоны: 0-ден 110 баллға дейін; Өлшемшарт өтініш берушінің жас ерекшеліктерін, олардың еңбек әлеуетіне, бейімделу мүмкіндіктеріне және Қазақстан Республикасындағы болжамды экономикалық белсенділік ұзақтығына ықпалын айқындайды. Бағалау құжаттамалық түрде расталған деректер негізінде автоматты түрде жүзеге асырылады. 2) Білім деңгейі (БД): Баллдар диапазоны: 0-ден 150 баллға дейін; Критерий өтініш берушінің алған білім деңгейін, оның кәсіптік даярлығын және еңбек нарығындағы әлеуетті сұранысын ескереді. Баллдар білім туралы растайтын құжаттар негізінде, дипломның түпнұсқалығын тексеру немесе дипломды апостильдеу арқылы беріледі. 3) қазақ тілді білу (ТБ): Ұпай диапазоны: 0-ден 120-ға дейін. Бағалау өтініш берушінің әлеуметтік және кәсіби интеграциясына әсер ететін мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін ескере отырып жүргізіледі. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау қатысушы ұсынған тестілеудің ресми нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі өтініш берілген күні жарамды онлайн-диагностикалық тестілеуі бойынша сертификатпен расталады. Балдарды есептеу мемлекеттік тілді меңгерудің расталған деңгейіне барабар не бекітілген бағалау шкаласына сәйкес жүзеге асырылады. Қосымша орыс тілін меңгеру (ТБ): Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін. Қосымша ағылшын тілін білу (ТБ): Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін. 4) Қазақстан Республикасында оқу және/немесе жұмыс тәжірибесі (ОЖТ): Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін; Өлшемшарт өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында оқытудың және (немесе) еңбек қызметінің расталған тәжірибесінің болуы мен
--	--	--

		ұзақтығын, сондай-ақ оның елдің әлеуметтік-экономикалық ортасына интеграциялану дәрежесін көрсетеді. 5) басқа елдерде оқу және/немесе жұмыс тәжірибесі (БЕЖТ): Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оқытудың және (немесе) еңбек қызметінің жаңа ортаға бейімделуін, кәсіби ұтқырлығын және интеграциялану қабілетін сипаттайтын расталған тәжірибесі ескеріледі. 6) кәсіби құзыреттердің бейімделу көрсеткіштері (КҚ): Ұпай диапазоны: 0-ден 80-ге дейін; Өлшемшарт кәсіби дағдыларды, білім деңгейін, тілдік даярлықты және жұмыс тәжірибесін жиынтық бағалау негізінде қалыптастырылады, олар бірлесіп өтініш берушінің табысты интеграциялану әлеуетін арттырады. 7) қосымша көрсеткіштер мен шарттар (ҚК): Ұпай диапазоны: 0-ден 200-ге дейін; 45 жастан бастап және одан жоғары жастағы өтініш берушілер үшін тұрақты интеграцияға ықпал ететін әлеуметтік және отбасылық факторлар, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде тұрақты тұратын жақын туыстарының болуы ескеріледі. 8) денсаулық жағдайы (ДЖ): Коэффициенттер диапазоны: 0-ден 1-ге дейін. Өлшемшарт өтініш берушінің денсаулық жағдайының оның еңбекке қабілеттілігі мен бейімделу мүмкіндіктеріне әсерін ескереді. Бағалау медициналық қорытынды негізінде жалпы нәтижені түзету түрінде қолданылады. Иммиграциялық әлеуетті критерийлік бағалау жүйесі бойынша ең төменгі өту балы кемінде 600 балды құрайды.
24.	Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілер үшін әңгімелесуден өту	Қазақстан Республикасымен визасыз кіру режимі бар мемлекеттерден келген, тиісті рұқсат алған иммигранттармен әңгімелесу жүргізу үшін халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган Комиссия құрады.

		Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган хабарлама келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оны қоса берілген құжаттармен бірге Комиссияның қарауына жібереді. Комиссия халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органнан құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізеді. Өтініш берушіні әңгімелесудің өткізілетіні туралы хабардар ету порталдағы жеке кабинет арқылы не өтініш берушінің нақты уақыт режимінде бейнебайланысты және оның жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз ететін мессенджерлер мен өзге де электрондық коммуникация құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан қатысуының техникалық мүмкіндігін растаған күннен бастап жүзеге асырылады. Әңгімелесудің күні, уақыты, өткізу форматы (онлайн немесе офлайн) және өткізілетін орны туралы мәліметтер өтініш берушінің порталдағы жеке кабинетінде көрсетіледі. Әңгімелесу күндізгі (офлайн) не қашықтықтан (онлайн) форматта өткізіледі. Әңгімелесу нәтижелері бойынша Комиссия «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» және «Қандас мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін одан әрі алуға рұқсат беру немесе беруден бас тарту туралы ұсыным шығарады. Ұсыным шығару туралы шешім Комиссия отырысына қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссия отырысы оның жалпы мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі. Комиссияның ұсынымдары отырыс хаттамасымен ресімделеді. Визалық кіру режимі бар мемлекеттерден келген иммигранттар В8 және С1 санаттарындағы визаларды ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде әңгімелесуден өтеді.
--	--	---

		Өңгімелесуге қатысуға байланысты шығыстарды, оның ішінде өткізу орнына бару және кері қайту жолақысын, тұрғын үй-жайды жалдау, тұру және байланыс қызметтерін пайдалану шығыстарын өтініш беруші өз қаражаты есебінен көтереді. <i>Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ҚР тұрақты тұруға рұқсат беру» және "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша пилоттық жобаны іске қосу және іске асыру туралы</i> <i>ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 41, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 60 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 47 бірлескен бұйрығы</i>
25.	Стипендиялық бағдарламаға қатысу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бакалавриат, магистратура мен PhD докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша біздің елдің ЖОО-да білім алу үшін шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлтының тұлғаларын шақырады. Үміткерлер құжаттарын онлайн режимде 2026 жылғы 30 наурыздан 31 мамырға дейін Астана уақытымен 23:59-ға дейін мына сілтеме арқылы тапсыра алады: https://studyin.kz/admission <u>Грант саны:</u> 1. Бакалавриат – 490 2. Магистратура – 50 3. PhD докторантура – 10 Стипендиялық бағдарламаның операторы – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ. Толық оқу кезеңіне арналған стипендиялық бағдарламаларға қатысуға өтінім қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде толтырылады. Толық ақпарат үшін: https://bolashak.gov.kz/kz/ctipendiyaly-badarlama +7 7172 769076 (ішкі номер 113,114,115) e-mail: info@bolashak.gov.kz

26.	ҰБТ	Ұлттық Біріңғай Тест тапсыру 2024 жылдан бастап "Отандастар қоры" КеАҚ қолдауымен қандастарға ҰБТ тапсыру жеңілдетілді. Бұған дейін қандастар ҰБТ-да 5 пән бойынша тест тапсырған болса, 2024 жылдан бастап тек 3 пәнді (<i>оқу сауаттылығы, 2 бейінді пән</i>) тапсырады және оларға шектік балл жинау бойынша талап қойылмайды. Толық ақпарат: https://oq.gov.kz/news/1123-otandastar-qory-uyymdastyratyn-onlayn-formattaghy-qazaq-tili-sabaqtarynyh-keste Тестілеуге қатысу бағасы - 5640 теңге. ҰБТ-ға қатысу үшін төлем онлайн өтініш беру кезінде бір сағат ішінде жүргізіледі: 1. QR-к одты сканерлеу арқылы Kaspi.kz қосымшасында төлем; 2. Кез келген банктің картасымен онлайн төлем (Visa, MasterCard). <u>2026 жылдың тестілеу күндері:</u> Тіркеу - 10-25 сәуір 2026жыл; Тестілеу – 10 мамыр – 10 шілде 2026 жыл. Тест https://app.testcenter.kz/auth сайтта өткізіледі. Толық ақпарат https://testcenter.kz/
27.	Қандастарға қайтарымсыз бизнес гранттар	Мемлекеттік грант – жаңа бизнесті іске қосу және дамыту мақсатында өтеусіз берілген бастапқы капитал. Грант қаражаты ісін жаңа бастаған жекелеген әлеуметтік санаттарға жататын азаматтарға өз бизнес әлеуетін іске асыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Грант көлемі 400 АЕК-ті (2026 жылы - 1 730 000 теңге) құрайды. Мемлекеттік грант алуға үміткер бола алатындар – тіркелген жұмыссыздар, жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін), бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер. Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы үш жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуға тиіс.

		Гранттар келесі бағыттарда қолдану үшін беріледі: құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеу. Толық ақпаратты Business.enbek.kz сайтынан немесе жергілікті «Мансап орталықтарынан» алуға болады.
28.	Қандас мәртебесін беру тәртібі	Этникалық қазақтарға және олардың отбасы мүшелеріне (болған жағдайда) қандас мәртебесі тек ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Ішкі істер министрінің бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келушілерді тестілеу, сауалнама жүргізу және сұхбат өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қандастарды қабылдайтын өңірлердің жергілікті атқарушы органдары берген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға көшіп келушілердің іріктеуден өткені туралы хабарлама болған жағдайда ғана берілуі мүмкін. Қандас мәртебесін беру туралы өтінішті белгіленген нысан бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген қандастарды және қоныстанушыларды қабылдайтын өңірлерге «migration.enbek.kz» көші-қон процестері порталы, ақпараттық технологиялар құралы: мобильді қосымша, Мемлекеттік корпорация немесе www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы келесі құжаттармен бірге береді: 1) өмірбаян (кез келген нысанда); 2) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасымен; 3) құжаттардың көшірмелері (туу туралы куәлік, шетелдік паспорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, этникалық қазақтар шыққан елдің уәкілетті органдары берген, үміткерлердің ұлтын растайтын өзге де ресми құжаттар), Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген (тіркеу) тәртібімен және қандас

		мәртебесін алуға үміткер адамдардың қазақ ұлтына жататындығын айқындау жөніндегі Комиссияның ұсынымы (болаған жағдайда). 4) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін көшіп келушілердің критерийлік бағалаудан өткендігі туралы хабарлама. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларымен және көшірмелерімен ұсынылады, тексеруден кейін құжаттардың түпнұсқалары (өмірбаянды қоспағанда) өтініш берушіге қайтарылады, сондай-ақ мемлекеттік дерекқорлардан алынған электрондық көшірмелер мен деректерді пайдалануға жол беріледі. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді қызмет көрсетуші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
29.	Қандас мәртебесінің жарамдылық мерзімі	Қандас мәртебесі тек Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қоныстану өңірлеріне міндетті түрде қоныс аудару жағдайларында, ұзарту құқығынсыз 5 (бес) жыл мерзімге беріледі.
30.	Қандас мәртебесінің күші қандай жағдайларда жойылады	1) қандастың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы; 2) азаматтығының болғанын растайтын тарихи деректердің анықталуы; 3) өтініш берушінің немесе оның отбасы мүшелерінің этникалық тиесілігін теріске шығаратын фактілердің анықталуы; 4) Қазақстан Республикасының өзге өңірлеріне тұрақты тұруға кету; 5) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанға дейін бес жыл ішінде банктік шотта орналастырылған төлем қабілеттілігін растамағанда; 6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған сәттен бастап Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін еңбек өтілі мен ресми табысын жыл сайын растамағанда; 7) қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын (екі және одан да көп рет), мемлекеттік билік институтына, белгіленген басқару тәртібіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған, жол жүрісі қағидаларын үнемі бұзғанда (үш және одан да көп рет);

		8) ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған, бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған, Қазақстан Республикасының аумағында онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығы болған жағдайда.
31.	С1 және В8 санатындағы тұрақты тұруға визалар қандай өңірлерде беріледі	ҚР Үкіметі көшіп келушілерді тұрақты тұруға орналастыру үшін мынадай өңірлерді айқындады: Ақмола (Қосшы қаласын, Аршалы және Целиноград аудандарын қоспағанда), Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстары. Осылайша, С1 және В8 санатындағы тұрақты тұруға визалар беру жоғарыда көрсетілген 7 (жеті) өңірде ғана жүзеге асырылады.
32.	Қазақстанда виза беру және ұзарту тәртібі	ЕХӘҚМ, ПМ және ЖИЦДМ ағымдағы жылғы 30 қаңтардағы № 41/60/47 бірлескен бұйрығымен бекітілген пилотттық жоба шеңберінде С1 визасы 3 айға дейінгі мерзімге беріледі және визаларды ұзарту 3 айдан аспайтын мерзімге және: 1) көшіп келуші әлі скорингтен өткені туралы хабарлама алмаған; 2) құжаттар аумақтық көші-қон қызметі бөлімшесіне берілген және қарауда тұрған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Визаны алғаннан кейін шетелдік тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда визаны қайта ұзартуға жол берілмейді. Скорингтен өтпеген не тұрақты тұруға беруден бас тартылған көшіп келушілерге визалар одан әрі кету үшін 15 күнге дейін қысқартылады не адамның өтініші бойынша виза (С1) Визаларды беру қағидаларына сәйкес одан әрі болу мақсатына сәйкес визалардың басқа санатына қайта ресімделуі мүмкін.
33.	С9 санатындағы (білім визасы) визаны беру тәртібі	«С9-білім алуға» визаларын беруге қатысты «Қазақстан Республикасына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келуіне шақыруларды ресімдеу, шақыруларды келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімін ұзарту және қысқарту қағидаларына» (СІМ-нің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және ПМ-нің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады. «С9-білім алуға» визасын Қазақстан Республикасында

		тіркелген білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті органның немесе оқу орнының қолдаухаты негізінде ҚР ІІМ және ҚР СІМ шетелдегі мекемелері (этникалық қазақтар үшін) береді. Көші-қон қызметінің аумақтық органдары көрсетілген визаны ұзартуға не визалардың бір санатынан басқа санатына ауыстыруға ғана құқылы.
34.	Тұрақты тұруға рұқсат алу	Шетелден қоныс аударған этникалық қазақтар, ҚР ІІМ көші-қон қызметі бөлімшелеріне (аумақтық полиция органдарына) немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтарына Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішхатпен қоса келесі құжаттарды ұсынады: 1) Өтініш-сауалнама; 2) Ұлттық паспортының көшірмесі және түпнұсқасы. Бірлескен өтініш берген кезде баланың туу туралы куәлігі немесе он алты жасқа толмаған баланың жеке басын куәландыратын басқа да құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы; 3) Азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығының болмауы туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат; 4) 14-тен 18 жасқа дейінгі баланың нотариалды куәландырылған келісімі; 5) Өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке немесе заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған шарт болмаса жеке немесе заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған өтініш; 6) «Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына сәйкес сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы; 7) Мөлшері 35x45 мм бір фотосурет; 8) Елден шығу парағы; 9) Мемлекеттік бажды төлеу туралы құжат. Сондай-ақ:  Төлем қабілеттілігін растайтын құжат (өтініш қаралу кезеңінде банктік шотта кемінде 1320 АЕК болуы және оны 5 жыл бойы жыл сайын растау);

		 Моңғолия, Қытай елдерінен құжаттарын апостильденген түрде әкелуі қажет.
--	--	---